



Автор: Түменова Ұлбосын Алшағырқызы
Пән: Дүниетану. Тарих компоненті
Сынып: 1-сынып
Бөлім: Дені саудың – жаны сау
Тақырып: Тазалық-денсаулық кепілі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	1.1.4.1 жеке бас гигиенасын сақтаудың маңыздылығын түсіндіру
Сабақтың мақсаты:	• Жеке бас гигиенасын сақтаудың маңыздылығы жайлы өз ойын білдіреді.
Тілдік мақсаттар:	• Жеке бас гигиена ережелерін құрастырады. Жеке бас гигиенасы ережелерін үйрену және оның денсаулықты нығайтудағы маңызын біледі.
Күтілетін нәтиже:	жеке бас гигиенасын сақтаудың маңыздылығын түсінеді
Бағалау критерийлері:	1. Жеке бас гигиенасының құралдарын атайды. 2. Жеке бас гигиенасына қатысты тәртіп ережелерін анықтайды.
Құндылықтарды дарыту:	Топтық жұмыс барысында өзара сыйластық, құрметпен қарау, ынтымақтастық, ашықтық, жауапкершілікті сезіну, білім алуға дайын болу. Жеке бас гигиенасын сақтау, салауатты өмір салтын ұстану құндылықтарын дарыту.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	
Пәнаралық байланыс:	Жаратылыстану (адамның дене мүшелері туралы түсініктерін толықтырады), дене шынықтыру (сергіту сәтін жасағанда дене шынықтыру қимылдарын көрсетеді)
Бастапқы білім:	Дене мүшелері туралы біледі. Денсаулық пен тазалық сақтаудың қажеттілігі мен пайдасын біледі.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	Ұйымдастыру кезеңі Психологиялық ахуал. «Жылы лебіз бен тілек». Оқушылар шеңберге тұрып бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді. Топқа біріктіру «Қажетті заттар» әдісі 1-топ : «Сабын» тобы 2-топ: «Тіс щеткасы» тобы 3- топ: «Тарақ» тобы Қызығушылықты ояту: «Дұрыс құрастыр!». Сурет қиындыларынан дене мүшелерін құрастыру. -Екі көзіміз не үшін керек? Жақсыларды көру үшін Екі құлағымыз не үшін керек? Ақыл –кеңес тыңдау үшін! Екі аяғымыз не үшін керек? Екі қолың не үшін керек? Қызығушылықты ояту: Ассоциация әдісі:	
Сабақтың ортасы (27 минут)	«Құпия зат» әдісі. Әр топтан бір оқушы қапшықтағы затты сипаттайды. АКТ мүмкіндіктерін пайдалану арқылы суреттер көрсетіледі. Ұ. 1-тапсырма. «Суретпен сөйлес!» (Екі суреттегі айырмашылықты тауып, таза ауада ойнаудың пайдасын, суға жуынуды , тазалықты сақтауды талқылайды). ҰЖ 2-тапсырма. Оқулықтағы мәтінді оқыңдар («Сен білесің бе?» 83-бет). Сабынды майлы жіліктерді әбден қайнатып, оған ала бұтаның өртеп алынған күлін қосып былғау арқылы жасаған. – Бұл құралдар не үшін қажет? -Тазалықты не үшін сақтаймыз?	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (5 минут)	«Сәйкестердіру» әдісі. Суретке мұқият қара. Баланың жеке бас гигиена сақтауға қажетті құралдарын ата! Суреттерді сәйкестендір	
Рефлексия (3 минут)	Рефлексия: «Қосу-алу-қызықты» әдісі.	